

The higher education system of Almaty city in the period of 70-90 years of the 20th century: achievements and disadvantages

Begdauletova Karlygash Duysenbekovna, PhD, acting assistant Professor of South Kazakhstan state pedagogical Institute. Kazakhstan, 160021, Shymkent, A.Baitursynov street, 13. E-mail: Karligash_15@mail.ru

Muldasheva Assel Maratovna, Magister of L.N.Gumilyov Eurasian National University. Kazakhstan, 010008, Astana, St.Satpayev, 2. E-mail: SAB.02.04@mail.ru

Abstract. The article discusses changes in the spiritual and cultural life of the city of Almaty in the 70-90-ies of XX century, together with complex and contradictory processes which were taking place in the society of that period. In the years of crisis, restructuring and sovereignty of country the sphere of education became one of the urgent and pressing issues. The former capital of the state of Almaty city was filled with a number of higher educational institutions. But, nevertheless, along with the achievements in the educational system of the republic in 1970-1990, the authors of the article brought specific historical facts confirming about the shortcomings. The purpose of the authors' consideration of the cultural development of the city of Almaty in the 70-90s of the XX century is the need to draw lessons in the education system from the past to the present day.

Keywords: spirituell-cultural life; crisis; alteration; sovereignty; system of education; higher education; qualification; pedagogical mastery; integration; cultural heritage.

XX ғасырдың 70-90-шы жылдарындағы Алматы қаласының жоғары білім беру жүйесі: жетістіктері мен кемшіліктері

Бегдаулетова Қарлығаш Дүйсенбековна, филос.ғ.к., доцент міндетін атқарушы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты. Қазақстан Республикасы, 160021, Шымкент қ. А. Байтұрсынов көшесі, 13. E-mail: Karligash_15@mail.ru

Мулдашева Асель Маратовна, магистр Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Қазақстан, 010008, Астана қ. Қ. Сатпаев көшесі, 2. E-mail: SAB.02.04@mail.ru

Түйін. Мақалада XX ғасырдың 70-90-шы жылдар аралығындағы Алматы қаласының рухани-мәдени өміріндегі өзгерістер сол кезеңдегі қоғамымызда болып жатқан күрделі де қарама-қайшы процестермен бірге қарастырылған. Еліміздегі дағдарыс, қайта құру, егемендікке аяқ басу жылдары білім беру саласы өзекті де өткір мәселелердің біріне айналды. Мемлекеттің ордасы болған Алматы қаласында жоғары оқу орындарының қатары толығымен түсті. Дегенмен де, мақала авторлары 1970-1990 жылдарда республиканың білім беру жүйесінде табыстармен қатар олқылықтардың болғанын дәлелдейтін нақты тарихи деректер келтірген. Авторлардың Алматы қаласының XX ғасырдың 70-90 жылдар аралығындағы мәдени дамуын жан-жақты қарастырудағы мақсаты бүгінде білім беру жүйесі қызметіне талдау жасау арқылы өткеннен сабақ алу қажеттігін айқын көрсету болды.

Түйін сөздер: рухани-мәдени өмір; дағдарыс; қайта құру; егемендік; білім беру жүйесі; жоғары білім беру; біліктілік; педагогикалық шеберлік; интеграция; Мәдени мұра.

Система высшего образования города Алматы в период 70-90 годов XX века: достижения и недостатки

Бегдаулетова Карлыгаш Дуйсенбековна, кандидат философских наук, и.о. доцента Южно-Казахстанского государственного педагогического института. Казахстан, 160021, г.Шымкент, ул. А.Байтұрсынова, 13. E-mail: Karligash_15@mail.ru

Мулдашева Асель Маратовна, магистр Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Казахстан, 010008, г.Астана, ул. К.Сатпаева, 2. E-mail: SAB.02.04@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются изменения в духовно-культурной жизни города Алматы в 70-90-е годы XX века вместе со сложными и противоречивыми процессами, происходившими в обществе того периода. Одной из актуальных и неотложных вопросов в годы кризиса, перестройки, получения страной независимости являлась сфера образования. В центре республики того периода (г.Алматы) появился ряд высших учебных заведений. Однако, наряду с достижениями в системе образования республики в 1970-1990 гг., авторы статьи на основе конкретных исторических документов приводят факты, подтверждающие о наличии недостатков. Авторы ставили цель рассмотреть культурное развитие г.Алматы в 70-90 годы XX века считая, что необходимо извлечь уроки из прошлой истории системы образования для дня сегодняшнего.

Ключевые слова: духовно - культурная жизнь, кризис, перестройка, суверенитет, система образования, высшее образование, квалификация, педагогическое мастерство, интеграция, культурное наследие.

ӘОЖ 94

**XX ғасырдың 70-90-шы жылдарындағы
Алматы қаласының жоғары білім беру жүйесі: жетістіктері мен кемшіліктері**

Бегдаулетова Қ.Д., Мұлдашева А.М.

Әр кезеңнің өз заңдылықтары, ерекшеліктері бар. Ендеше, қай дәуірдегі болмасын халықтың мәдени тарихын жан-жақты зерттеп, зерделеу тарих ғылымы үшін де, әрбір өркениетке бет алған мемлекет үшін де өзекті мәселе.

Мемлекеттің ордасы болған Алматы республикадағы мәдени дамудың негізі болды. Бірақ, оған қоса қаланың рухани-мәдени дамуында кереғар жақтары да аз болмады. Мұның барлығы да болашақта қайталанбауы үшін, өткеннен сабақ алу қажет.

Ресми тарихы 1854 жылдан басталатын Алматы қаласының орнында ежелден-ақ көркейген қала болғандығын, орта ғасырда қаланың, қала мәдениетінің дамығанын, біздің дәуіріміздің тоғызыншы ғасырында толық дәрежесіндегі шаһарға айналғанын археолог ғалым К. Байпақов мырза нық сеніммен айтса, профессор С.Қ.Баймағанбетов, ғалым Д.Салқынбек және тағы басқа ғалымдар өз зерттеулеріне сүйеніп, Алматының елді мекен ретінде қалыптасқанына 2500 жылдай деген болжам жасауға болатынын айтады. Жазушы Ж.Тұрлыбайұлы бірқатар деректерге сүйене отырып, Алматының тарихын 1500 жылмен есептеу шындыққа жақын екендігін айтады (Turlubajuly 2003).

XX ғасырдың 70-90-шы жылдар еншісінде еліміздегі дағдарыс, қайта құру, егемендікке, еркіндікке аяқ басу кезеңдері жатыр. Осы жылдары мәдени-рухани салада қол жеткен табыстармен қоса қарама-қайшы үдерістер жүріп жатқанын түсінеміз.

Қазақстандағы білім беру саласы бойынша жарияланған Ә.Қанафин, К.К.Құнантаева, Г.М.Храпченков және В.Г.Храпченковтар еңбектерін атаған жөн. Бұл еңбектер жалпы республика деңгейінде қарастырылып, әр жылдардағы білім беру жүйесінің дамуынан мәліметтер береді.

Білім беру саласы өзекті де өткір мәселелердің бірі. Республикадағы білім беру жүйесі мынадай сатылардан тұрды: мектепке дейінгі тәрбие; жалпы білім беру жүйесі; кәсіптік-техникалық білім; орта арнаулы және жоғары білім; диплом алғаннан кейінгі білім алу және мектептен тыс білім беру жүйесі.

Білім жүйесіндегі маңызды бір саты жоғары білім беру. Ол жоғары оқу орындары арқылы жүрді (ЖОО). Республикада ЖОО 1970-1990 жылдарда 44-тен 55-ке дейін өсті. ЖОО-ның 16-сы Алматы қаласында орналасып (29%), 103 мың студент оқыды (36%). Олардың 57%-ы күндізгі, 40%-ы сырттай, 2% - кешкі бөлімдерде білім алды (Regional'nyj statisticheskij ezhegodnik 1991, P.238).

Қазақстанда жоғары білім беру тарихы 1928 жылы Алматыда Педагогикалық институттың ашылуынан бастау алған. 70-80-ші жылдары ЖОО-ның қатары толығы түсті.

1975 жылы Қазақ политехникалық институтының (КазПТИ) энергетика факультеті негізінде Алматы энергетикалық институты, 1976 жылы Алматы темір жол транспорты инженерлер институты, 1978 жылы Театр және көркемсурет институты, 1980 жылы КазПТИ-ң инженер-құрылыс факультеті негізінде Алматы архитектура-құрылыс институты ашылып, 1992 жылдан Қазақ мемлекеттік архитектура құрылыс академиясы аталды.

Қазақ білімінің қара шаңырағы атанған, Абай есімін 1935 жылы иеленіп, белгілі қоғам қайраткерлері С.Асфендияров, Х.Досмұхамбетов, О.Жандосов,

А.Байтұрсыновтар еңбек еткен Қазақ педагогикалық институты 1978 жылы КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының 12 қазандағы бұйрығымен республикада педагог мамандарды даярлаудағы үлкен жетістігі үшін Еңбек Қызыл Ту Орденімен марапатталды¹.

Оқу орны республикадағы орта мектептер, педучилищелер үшін оқытушы мамандар және аспирантурада ғылыми мамандар даярлады. 1977/78 оқу жылында 7 факультет 39 кафедрада 393 оқытушы еңбек етіп, оның 17 профессор, ғылым докторы, 195 доцент, ғылым кандидаттары, 102 аға оқытушы, 79 оқытушы-ассистенттер болды.

Оқытушылар біліктілігін арттырып отыру мақсатында 5 жылда бір рет білім дәрежесін көтеру институттарында стажировкаларға жіберіліп отырды. Студенттердің 70%-ы ауылдық жерлерден келіп оқыды. Оқу, оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда студенттерге дәріс оқу, өзіндік жұмыстар, оқу-өндірістік практикалар қатаң қадағаланып, сапасына көңіл бөлініп отырды. Осы бағытта лекция, семинарларды студенттердің әлеуметтік-саяси ойлау жүйесін қалыптастыратындай проблемалық пікірталас түрінде өткізу кеңінен жолға қойылды. Білім сапасын арттырып, кәсіби біліктіліктерін жетілдіре түсу мақсатында арнаулы курстар мен арнаулы семинарлардың өзекті тақырыптарға сай өткізілуі жолға қойылды.

Дегенмен осындай жұмыстар жүргізу барысында кемшіліктер де болмай қалған жоқ. Мәселен, кейбір кафедралар (қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті, неорганикалық және органикалық химия) ұзақ жылдар сабақты түрлендіріп өткізуге көңіл бөлмеген. Тарих және жаратылыстану факультеттерінің бірқатар кафедраларында да ұсынылған тақырыптардың, өзектілігі төмен, мектеп талаптарына онша сай келмеген.

ЖОО-ның білім беру жүйесінде студенттердің өзіндік жұмысы және оқу-зерттеу жұмыстары аса маңызды. Мұндай жұмыстар студенттердің маман ретінде қалыптасып, әрі қарай өз бетінше ғылыми жұмыспен айналысуына негіз қалайды.

Оқу орнының мектеп педагогикалық ұжымдармен байланысы өте қарқынды жүрді. Әсіресе, мектеп директорларының білімін көтеру жұмыстары мектептерге ғылыми-әдістемелік, практикалық көмек көрсетуде айтарлықтай болды. 1977/78 оқу жылында 394 адам білімін жетілдірді. Негізінен қалалық, ауылдық жұмысшы жастар мектептерінің басшылары. Оларға дәрістер оқып, семинар сабақтарын жүргізу үшін институттың тәжірибелі 5 ғылым докторы, профессорлар, 27 доцент, ғылым кандидаттары және басқа оқу орындарынан мамандар тартылды. Тыңдаушылар үшін практикалық сабақтар Алматы қаласының №№ 12, 16, 56, 63 - жалпы білім беретін мектептер мен №№ 4, 9, 26 - жұмысшы жастар мектептерінде, қалалық оқушылар сарайы, жас техниктер, натуралистер станцияларында өткізіліп кәсіптік бағдар, еңбекке баулу, оқыту әдістемелерімен танысып отырған. Деканат тарапынан тыңдаушыларға оқу-әдістемелік жұмыстың өзекті мәселелері жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылып отырған.

Филология бөлімі қаладағы №№ 4, 8, 9, 56, 84 мектептерді өз қамқорлықтарына алған. Психология, орыс тілі, математиканы оқыту әдістемесі, биология және химия, көркем графика кафедралары тарапынан қала мектептерінде конференциялар, сырттай математика мектебі, математикалық олимпиадалар, бейнелеу өнерінен шығармашылық конкурстар тұрақты ұйымдастырылып тұрды².

¹ ҚРОММ, 1142-қор, 1-тізбе, 31, 55 п.п.

² ҚРОММ, 1692-қор, 2-тізбе, 2787-іс, 13, 41, 47, 52, 58, 66 п.п.

Жалпы ЖОО-ы педагогикалық, техникалық, ауылшаруашылығы, медициналық бағытта және экономика, құқық, транспорт, байланыс, кинематография, өнер салалары бойынша білім берді. Республика Одақ тұсында шикізат көзі мен ауылшаруашылығы аймағына айналғандықтан бұл жылдары радиоэлектрон, машина құрылысы, химиялық машина құрылысы мамандықтары бойынша мамандар мүлдем даярланған жоқ (Sabdenov 1994, P.75).

Әрбір оқу орнының өзіндік ерекшелігі, қалыптасқан өзіндік жүйесі болды. Оқу сапасын арттыру мақсатында 1975 жылы Халық шаруашылығы институтында 5 профессор, 4 доценттің жетекшілік етуімен 9 теориялық семинарға 317 оқытушы қатысып, пікір алысуды жолға қойған. Мұнда қоғамдық ғылымдар мамандығы бөлімінде «Жас коммунист» мектебі жұмыс істеп, оған 550 студент тартылған. Институт тарапынан үш факультетте ұйымдастырылған «Экономикалық білім беру университеті» үйірмесі, «Алматажилстрой», «Алматацентрстрой» трестерінде, «Казгидрогеология» басқармасында және Жамбыл ауданының Ленин колхоздарында білім көтеру, дәрістану жұмыстарын жүргізіп отырды. Ал студенттер үшін бұл жұмыстардың айтарлықтай маңызы болды³.

ЖОО-ғы мамандардың сапалы білімі, педагогикалық шеберлігі оқытушылардың шығармашылық ізденістерімен тығыз байланысты. Бұл Қазақ ауыл шаруашылығы институтында аса жоғары деңгейде жүргізілген 15 теориялық және әдістемелік семинарлар жұмысынан көрініс тапқан. Ал, 1974 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде жаратылыстану факультеті философия факультетімен бірлесе отырып, оқу жоспарларын тереңдете оқыту мақсатында кешкі университет ұйымдастырған. Студенттер ғылыми қоғам жұмысына көптеп тартылған. Тек, 1974 жылы қоғамдық ғылымдардың Бүкілодақтық конкурсының 1-ші турына 3500 студент қатысқан. Бұл барлық студенттердің 60%-н құрайды.

Қала мектептерімен байланысты күшейте отырып, 1973 жылдың тамыз айында Қалалық партия комитетінің шешімімен Алматы қаласындағы орта мектеп директорларының білімін көтеру факультеті ашылды. Мақсат - тек педагогика, психология саласында ғана білім беру емес, басқа да ғылым негіздерімен таныстыра отырып, «Ұжымдағы тәрбие», «Проблемалық оқыту» деген тақырыптарда дәрістер, семинар сабақтары жүргізілді. Онда білікті профессорлар К.Б.Бейсембаев, В.Н.Пуриц, Ю.Г.Басин, Х.Б.Бержанов, Н.Л.Удальская, В.И.Фурсов және басқа да оқытушылар дәрістер оқыған.

Дәріс барысында техникалық құралдарды қолдану дұрыс жолға қойылды. Мәселен, Қазақ ауыл шаруашылығы институтында тек 1974/75 оқу жылында техникалық құралдармен оқыту 38 кафедрада кеңінен жүрді. Оқыту барысында 65 диапроектор, эпидиаскоп, 16 кинопроектор, лекция мен сызбаларды жазу үшін 4 проекциялық аппарат, 8 радиокүшейткіш аппараты, 17 магнитофон қолданылған.

Бұл кезеңде Алматы ЖОО-ы Қазақстандағы білім берудің аса бай тәжірибесін қалыптастыра отырып қаланың мәдени өмірінде де үлкен белсенділік көрсетті. Мәселен, ҚазПТИ түлектері республиканың мәдени өміріндегі ерекше құбылыс «Дос-Мұқасан» ансамблін дүниеге әкелді. А.Машанов, І.Есенберлин сынды ғалым, жазушылар инженер мамандықтарын әдеби, ғылыми шығармашылықпен байланыстырды⁴.

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті 40 жыл бойы университет мәртебесін иеленген жалғыз оқу орны болды. Оқу орны 70-ші жылдары ҚР ҰҒА академигі У.А.Жолдасбековтың басшылығымен жұмыс істеді. Бұл жылдары университеттің мықты материалдық-техникалық базасын жасау

³ ҚРПМ, 412-қор, 56-тізбе, 11-іс, 56 п.

⁴ ҚРПМ, 412-қор, 56-тізбе, 11-іс, 66, 74, 77 п.п.; 56-іс, 12, 16, 57 п.п.

үшін мол қадамдар жасалды. ҚазМҰУ қалашығы, оқу корпустары, жатақханалар, асхана, кафе, спорт алаңдары салынды. 1983 жылы биология, география, заң, философия, экономика, тарих факультеттері жаңа оқу корпусын иеленді. 1975 жылы механика және қолданбалы математика факультеті ашылды. 1978/79 оқу жылында 80 тыңдаушысы бар Педагогикалық шеберлікті жетілдіру институты өз жұмысын бастады.

1984/85 оқу жылында ҚазМҰУ-дің 20 факультетінде, 11 жалпы университеттік дайындық бөлімі, 28 оқу-зерттеу лабораториясы және «Биофизика» оқу ғылыми-өндірістік бірлестігі, 96 кафедра жұмыс істеп тұрды.

Қала мектептерімен байланысты жақсартып, болашақ студенттерді тарту мақсатында барлық факультеттерде «Ашық есік күндерін өткізу» дәстүрге айналды. Білікті ғалымдардың және студенттердің тікелей қатысуымен мектеп оқушылары үшін «Жас математик», «Жас кибернетик», «Жасөспірімнің биологиялық мектебі», «Физиктердің сырттай мектебі» үйірмелері, «Қазақстанның жас химигі» клубы жұмыс істеді.

1975 жылы сәуірде үкімет деңгейінде қабылданған «Об изучений арабского языка в некоторых общеобразовательных школах и подготовка педкадров для этих школ» атты қаулыға сай филология факультеті жанынан араб бөлімі ашылды. 1984 жылы «Шығыс филологиясы» кафедрасы ашылып, оны белгілі ғалым-шығыстанушы Ә.Б.Дербісәлиев басқарды. Кейіннен «Азия және Африка елдері тарихы» кафедрасы (т.ғ.к., доцент Н.К.Қожахметов) «Араб тілі» кафедрасы (профессор Ә.Дербісәлиев), «Иран-түрік филологиясы» кафедрасы (доцент Ж.М.Жаппасбаева), «Қытай филологиясы» кафедралары (т.ғ.к., доцент К.Ш. Хафизова) ашылды.

1989 жылы 15 мамырда Шығыстану факультетінің ашылуы Қазақстанның ғылыми-шығармашылық зиялыларының үлкен жеңісі болды. Осы уақыттан бастап филолог шығыстанушы мамандар даярлана бастады. 1987 жылдан «Молекулярлық биология» және «Генетика» мамандығы бойынша ғылыми-педагог мамандар осында даярланып шықты.

Республика ЖОО-ры арасында тұңғыш рет Тарих факультетінде «Археология және этнография» кафедрасы ашылды. Оқу бағдарламаларына «Қазақстанның тас, қола, темір ғасыры», «Ортағасырлық Орта Азия қалалары», «Қазақтардың материалдық, рухани мәдениеті», «Қазіргі этникалық үрдістер», «Мұражай ісі негіздері» және басқа да арнаулы курстар енгізілді.

ҚазМҰУ бұл жылдары әлемдік деңгейде таныла бастады. Көптеген ғалымдар шет елдердегі оқу орындарында дәрістер оқыды. Мәселен, Космос физикасы және Радиационды физика кафедрасының профессоры Е.В.Колومеев 1981, 1989, 1991 жылдары АҚШ-тың Вашингтон, Чикаго, Мэриленд университеттерінде, «Жалпы тіл білімі» кафедрасының профессоры С.Аманжолов Қытайда профессор Ә.Дербісәлиев Иранның Бағдад, Могуль университеттерінде дәрістер оқып қайтқан болса, өз кезегінде мұнда Ираннан келген Ислам Жеменей, Франциядан Ж.Лебуланже, Ж.Кольяр т.б. ғалымдар Венгрия, Германия, Румыниядан келіп дәріс оқыды (Batyrbekov 1998, Р.61-64).

1990/91 оқу жылында мұнда қазақ бөлімінде оқитын студенттер саны өсіп 1525-ке жетті, ал 1991/92 оқу жылында 1,4 есе есті. Бұл 1991 жылғы Қазақ ССР «Тілдер туралы» заңға сәйкес қол жеткізген табыстардың бірі болды (Batyrbekov 1998, Р.113).

ЖОО бұл жылдары білім сапасын арттыруға жете көңіл бөле отырып, қаладағы өндіріс орындарымен, атап айтсақ, ҚазМҰУ Электротехника зауытымен, Халық шаруашылығы институты Үй құрылыс комбинатымен,

Политехникалық институт – АЗТМ (ауыр машина жасау) зауытымен тікелей байланыс орнатып, студенттердің теориялық білімін практикамен ұштастырды.

Дегенмен, ел астанасындағы ЖОО-да кемшіліктер де орын алып жатты. Мұрағат деректері бойынша Алматы қаласында 1977/78 оқу жылында ЖОО-да сабақ босатқандар 1317 болса, келесі жылы ол 1522-ге жеткен. Бұл 19% және 21%. Жыл сайын 1000 студент сынақ-емтиханнан академиялық қарыздары болатын болса, үштен бірі «орташа» оқытындар болған, оның 31% «қоғамдық ғылымдар» пәні бойынша «3» алатындар. Сонымен қоса ЖОО студенттері арасында 1978 жылы 778 қылмыс пен тәртіп бұзушылық, 1979 жылы 837 қылмыс тіркелген. Тексеру барысында бұл студенттер ешқандай қоғамдық жұмысқа тартылмаған, оған қоса партия комитеті, ректорат тарапынан мұндай өрескелдіктер үшін ешқандай шара қолданбағаны белгілі болған. Сол сияқты «өте нашар» оқытындармен де ойдағыдай жұмыс жүргізілмейтіні анықталған⁵.

Алматы Мемлекеттік медицина институтында оқу барысы өрескел бұзылған. Институттың кейбір оқытушылары 90 минуттік сабақты бос өткізетіні кездескен. Техникалық құралдар жеткіліксіз. «Философия» кафедрасында ашық лекция, семинарлар аз ұйымдастырылған (1974), тақырыптар, дәріс жоспарлары аз талқыланған, оқу бөлмелері әдебиеттермен нашар жабдықталған. Оқытушылар жеткіліксіз, 12 оқытушыға жүктелетін педжүктемені 8-ақ оқытушы атқарған. Мұндай жағдайлар сабақ сапасына кері әсерін тигізген⁶.

1977 жылдың қазан айында Алматы қаласы мен облысының партия ұйымы активінің жиналысында Қазақстан КП ОК-нің Бірінші хатшысы Д.А.Қонаев сөз сөйлеп, онда қаладағы ЖОО-ғы жастар тәрбиесінің төмендігіне, әсіресе Қазақ дене шынықтыру институты мен Теміржол транспорты инженерлері институтына ерекше тоқталған. Сонымен қатар қаладағы ЖОО-ның дайындық бөлімі материалдық өндірісте жұмыс істейтін жұмысшы жастарға арналғанына қарамастан, мұнда жасанды құжатпен тіркелетіндердің көптігі, көпшілігінің ешқандай өндірістік өтілі болмайтынын айтып өткен⁷.

Оқытушылар арасында сабаққа жиі кешігіп келу, дәріс пен практикалық сабақтардың орындарын ауыстырып жүргізе беру орын алған. Оқытушылар назарынан тыс студенттер бос отыратын жағдайлар кездескен. Ол оқытушыларға талап қойылмаған.

1987 жылдың 4 желтоқсанында республикадағы Педагогикалық оқу орындарының жұмысы жөніндегі отырыс-кеңесте республика жоғары оқу орындарында, әсіресе, педагогтар даярлауда түбегейлі реформа қажеттігі айтылды. Осы кеңесте жоғарыда аталып өткен кемшіліктер де айтылып, оларға тиісті орындар салғырт қарап келгендігі, ұзақ уақыт бақылау жасалмағандығы, жоғары мектепте өзгерістер енгізу үшін бағдарламалар жасалмайтындығы, студенттердің басым бөлігі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша «қанағаттанарлық» баға алатыны айтылды. Сонымен қатар, қалада алты жастан балаларды оқыту деңгейінің төмендігі оларға даярланатын мамандар біліктілігі де төмен екендігі және ұлттық мектептерге дұрыс көңіл бөлінбейтіні, «педагогикалық мәдениет» жетіспей жататындығы жөнінде қатты айтылды⁸.

1987-1989 жылдары 3,5 мың жоғары білімді маман жолдама берілген жерлерге бармаған. Оның 1260-сы себепсіз. Осындай жауапсыздықтар бола тұра Оқу ағарту министрлігі, не болмаса жоғары оқу орындары тарапынан шара қолданылмаған. 600 маман жұмыс таба алмай қайтып келген.

⁵ ҚРПМ, 412-қор, 63-тізбе, 31-іс, 139 п.

⁶ ҚРПМ, 412-қор, 55-тізбе, 68-іс, 8, 14, 16 п.п.

⁷ ҚРПМ, 412-қор, 57-тізбе, 116-іс, 78, 83 п.п.; 55-тізбе, 68-іс, 9 п.

⁸ ҚРОММ, 1692-қор, 2-тізбе, 4528-іс, 7, 8, 64, 78 п.п.

Жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасы нашар болған жағдайда сапалы білімге қол жеткізу қиын. Бұл ҚазМҰУ-да оң бағытта шешіліп отырған. ҚазМУ-дің 1976 жылы 2683 студенті, 1980 жылы 3152, 1990 жылы 4000 студенті жатақханамен қамтамасыз етілді.

Осы уақыттарда Қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясында бұл мәселе шешілмеген. Егер дүниежүзінде әр студенттің оқуына қажетті қалыпты аудан 28 шаршы метр болса, КСРО-да 18 м². ҚазМУ-де 15 м², Консерваторияда ол 3,3 м² болған (Tileuhanov 1991).

Оқыту жүйесінде де үлкен қиыншылықтар орын алған. Мәселен, 90-шы жылдарға дейін ұлт аспаптары факультеті мамандарды тек қана еуропалық оқыту теориясымен даярлаған. Күйші-домбырашылар барлық оқу жылының тек жарты жылында ғана қазақ музыкасын оқитын болған. Сондықтан 93% еуропа жүйесімен білім алған атақтары бар шетелдерге белгілі кәсіби шебер мамандар арасында ұлттық мінез-құлықтан ажырап қалғандар, қазақ ұлтының өнерін, мәдениетін түсінбейтіндер көп болған (Ult mamany 1991, P.125). Әрине, мұның барлығы сол уақыт талабына сай жүргізілгені белгілі.

Жоғары оқу орындарындағы аса өзекті мәселенің бірі – ғылыми педагогикалық мамандармен қамтамасыз ету. 1987 жылы қаладағы жоғары оқу орындарында ғылыми мамандар төмендегідей орналасты: Қазақ мемлекеттік университеті – 61%, Қазақ политехникалық институты – 31%, Алматы сәулет құрылысы институты – 30%, Алматы энергетика институты – 47%, Алматы халық шаруашылығы институты – 51%, Алматы дене шынықтыру институты – 34%, Алматы теміржол транспорты институты – 47%, Алматы мемлекеттік медицина институты – 46%, Алматы малдәрігерлік институты – 56%, Алматы ауылшаруашылық институты 16%. Осы оқу орындарында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысқандар барлық қызметкерлердің 58%-ын құрады⁹.

Бүгінде Қазақстанның әлемдік кеңістіктегі интеграцияға ұмтылуы рухани мәдени салада көп мүмкіндіктер ашуда. Кеңестік жүйе тұсында «қалдық» принципімен қаржыландырылып келген мәдениет саласын қазір мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлініп, қолдау тауып отыруы осы саладағы бірқатар мәселелерді шешті. Ұлттық санада жаңа серпілістер пайда болды. 1996 жылы Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының қабылданып, 2000 жылдың «Мәдениетті қолдау жылы» болып жариялануы және 2003 жылы мемлекет Басшысы Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның үлкен мәдени мұрасын, мемлекеттік тілде гуманитарлы білім қорын, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді, ұлттық әдебиет пен жазудағы көпғасырлы тәжірибені біріктіруді зерттеудегі бірыңғай жүйе қалыптастыруға бағытталған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын жасауы да мәдениетті көтеріп, жетілдіру үшін жасалынып жатқан шаралар болды. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асуын мәдениет, әдебиет, философия, тарих, этнография, және тіл білімі т.б. бойынша академиялық институттар құрылуынан, бағдарламаның тиімді жоспарларының орындалуынан көреміз.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында¹⁰ инновациялық экономиканың тиімді көрсеткіші болып жоғары оқу орындары ғылымын дамыту тренді көрсетілген. Экономика салаларын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар бәсекеге қабілетті кадрлармен қамтамасыз ету, білім беруді,

⁹ АҚОММ, 107-қор, 8-тізбе, 813-іс, 12-41 п.п.

¹⁰ Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы. Әділет. ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

ғылымды және инновацияларды интеграциялау күшеюде.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық көштің бұйда ұстар тұсында болады», - дей келе, елдің ертеңі сапалы маман, сапалы оқулық, сапалы мектеп жағдайында ғана кемелденетіні баса көрсетілді (Nazarbaev 2001).

XX ғасырдың 70-90-шы жылдар аралығындағы Алматы қаласының рухани-мәдени өміріндегі өзгерістер сол кезеңдегі қоғамымызда болып жатқан күрделі де қарама-қайшы процестермен бірге жүрді.

Аталған жылдар Алматы қаласының ел астанасы ретінде рухани-мәдени әлеуеттің айтарлықтай көтерілуімен ерекшеленеді. Ол қаладағы білім-ғылым ордалары, мәдениет ошақтары санының артуынан, зиялылар қатарының көбеюінен және басқа да іс шаралардан көрініс тапты.

Осы кезеңдегі қаладағы білім беру жүйесі қызметіне талдау жасау арқылы анықталғандай министрлік, қалалық білім басқармасының нұсқаулары, қаулылары, шешімдерін орындау барынша жолға қойылып отырды. Қалада жалпы білім берудің еңбек тәрбиесімен тығыз ұштастырылуы, оқушылардың ғылыми жұмысқа тартылуы, көркем эстетикалық білім мен тәрбиеге қол жеткізу шаралары оң бағытта шешіліп, өз нәтижесін көрсетті. Жоғары оқу орындары жанынан педагогикалық шеберлікті жетілдіру институты, мектеп директорлары білімін жетілдіру факультеттері жұмыс істеді. Мұнда оқу, оқу-әдістемелік жұмыстар ұйымдастыру, оқу-өндірістік практикалар қатаң қадағаланды. Дәрістер, семинарларды студенттің әлеуметтік саяси ойлау жүйесін қалыптастыратындай проблемалық пікірталас түрінде өткізу жүзеге асырылды. Қаладағы жалпы білім беретін мектептер мен педагогикалық бағыттағы оқу орындарының үздіксіз байланысы болды. Сонымен қатар білім саласының барлық сатысын қамтыған қиындықтар орын алып, кемшіліктерге жол берілді.

1970-1990 жылдарда республиканың білім беру жүйесінде табыстармен қатар олқылықтар да болғанын айту қажет. Білім беру мекемелерінің жеткіліксіздігі, әсіресе, мектепке дейінгі мекемелер жүйесінің қалыптағыдан бірнеше есе аз болуы, уақытында іске қосылмауы және қауіпті жағдайда жұмыс істеу фактілері кездесті. Мамандар тапшылығы, төмен материалдық-техникалық жағдай, біліксіз басшылар, білімсіз мамандардың болуы, жас мамандардың жұмысқа орналасуының қадағаланбауы, басшылар тарапынан жауапкершіліктің болмауы бірқатар мекемелер жұмысын одан әрі қиындатты. Оған қоса, мамандардың әлеуметтік жағдайларының төмендігі, олардың шешілмеуі мамандардың жұмыс орындарында тұрақтамауына алып келді. Материалдық-техникалық жабдықтаудың төмендігі бірқатар институттарда ғылыми-зерттеулерді теория жүзінде ғана жүргізуге мүмкіндік берген.

Алматы қаласының XX ғасырдың 70-90 жылдар аралығындағы мәдени дамуының жүйелі түрде қарастырылуы ұлттық тарихи тұрғыдан баға беруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі/ Список литературы

1. Тұрлыбайұлы Ж. Алматы – Ежелгі қала // Егемен Қазақстан. – 2003. – 29 қаңтар.
2. Региональный статистический ежегодник Казахстана. – Алматы: Казахстанский информационный центр, 1991. – 553 с.
3. Сабденов О.С. Наука. Образование. Рыночная экономика. – Алматы: Білім, 1994. – 157 б.
4. Батырбеков М. Высшая школа Казахстана в лицах: книга 1. – Алматы, 1998. – 354 с.
5. Тілеуханов Б. Қазақ консерваториясындағы дағдарыс // Халық Кеңесі. – 1991. – 5 наурыз.
6. Ұлт маманы ұмыт қалмасын // Жұлдыз. – 1991. – N12. – Б.123-130.
7. Назарбаев Н.Ә. Заманның сыншысы да, тарихшысы да бүгінгі жастар // Орталық Қазақстан. – 2001. – 7 ақпан.

Reference

- Turlybajuly 2003 – Turlybajuly, Zh 2003, Almaty – ezhelgi kala, *Egemen Kazakstan*, 29 kantar (Turlybajuly, Zh 2003, Almaty - anticient city, *Egemen Kazakstan*, January, 29). (in Kaz).
- Regional'nyj statisticheskij ezhegodnik 1991 – *Regional'nyj statisticheskij ezhegodnik Kazahstana*, Kazahstanskij informacionnyj centr, Almaty, 553p. (*Regional statistical Yearbook of Kazakhstan* 1991, Kazakhstan information centre, Almaty, 553p.) (in Rus).
- Sabdenov 1994 – Sabdenov, OS 1994, *Nauka. Obrazovanie. Rynochная jekonomika*, Bilim, Almaty, 157p. (Sabdenov, OS 1994, *Science. Education. Market economy*, Bilim, Almaty, 157p.) (in Rus).
- Batyrbekov 1998 – Batyrbekov, M 1998, *Vyssshaja shkola Kazahstana v licah: kniga 1*, Almaty, 354p. (Batyrbekov, M 1998, *High school of Kazakhstan in the people: book 1*, Almaty, 354p.) (in Rus).
- Tileuhanov 1991 – Tileuhanov, B 1991, Kazak konservatorijasyndagy dagdarys, *Halyk Kenesi*, 5 nauryz. (Tileuhanov, B 1991, The Crisis of the Kazakh Conservatory, *Halyk Kenesi*, 5 March). (in Kaz).
- Ult mamany 1991 – Ult mamany umyt kalmasy, *Zhyldyz*, N12, P.123-130. (in Kaz).
- Nazarbaev 2001 – Nazarbaev, NA 2001, Zamannyn synshysy da, tarihshysy da bygingi zhastar, *Ortalyk Kazakstan*, 7 akpan. (Nazarbaev, NA 2001, The critics, the historians about of the youth, *Ortalyk Kazakstan*, 7 akpan). (in Kaz).